

Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Жаңа Қаратон кенті
“№23 жалпы орта білім беретін мектеп” ММ



Сабақтың тақырыбы: Файлдар, бумалар және белгішелер. Бумалар мен белгішелерді құру, атын өзгерту



Физика-информатика пәнінің
мұғалімі: Нургазиева А.Т. 5 сынып

Файлдар дегеніміз не?



Файлдар дегеніміз – мәліметтер сақтауға арналған сыртқы тасымалдаушыдағы жадының ат қойылған аймағы немесе бөлігі.

File (ағылшын тілінен аударылғанда) бума, іс қағаздар жинағы, сонымен қатар ақпаратты сақтау деген мағынаны білдіреді.

Файлдың құрылысы

Файл типтерінің кейбір негізгі «құжат ретінде» белгіленулерінің тізімі төменде келтірілген:

- ◆ **. bmp** Paint
- ◆ **. doc** Word WordPad
- ◆ **. txt** Блокнот қолданбасының құжаты
- ◆ **. wav** Фонограф қолданбасының дыбыстық файлы.
- ◆ **. avi** Бейне — клип
- ◆ **. xls** Excel кестелік процессорының құжаты
- ◆ **. ppt** PowerPoint қолданбасының тұсаукесері



Файлдың құрылысы

Файлдың аты мен түрі нүктемен бөлінеді

Әр файлдың аты болады.

Сол бөлік - аты

Осы бөліктің ұзындығы

1 — 255 символға
дейін болады



Оң бөлік – түрі (типі)

Бұл бөлігі 3 символдан
тұрады және оның түрін
(*типін*) анықтайды.

Файлдың құрылысы

Файл не бағдарлама, не құжат болуы мүмкін

Файлдың типі бойынша компьютер оның бағдарлама немесе құжат екендігін анықтайды.

Егер файлдың типінде. *exe* немесе *.com*

белгілеулері тұрса, онда бұл *бағдарлама* болғаны.

Ал қалған белгілеулері бұлардың бәрін компьютер *құжат* деп анықтайды.

Файлдар құрылысы

Файлдың аты, түрі, символмен берілген (байт) көлемі, операциялық жүйенің календары мен сағатынан алынып жазылған күні, айы, сағаты файлдың атрибуттары (көрсеткіштері) деп аталады.



Бума дегеніміз не?


Бумалар

Бума дегеніміз - аты аталған файлдар тобы.

- ✓ Windows 98 - дің бумалары *каталог рөлін* атқарады.



Мысалы: тұрмыстық деңгейде буманы кәдімгі ішіне қағаз беттерін - файлдарды салатын бумалармен салыстыруға болады.



- ✓ Windows 98 - дегі барлық файлдар, құжаттар мен бағдарламалар бумаларда сақталады.
- ✓ Бумалардың аты, файлдың аты сияқты оның **мазмұнын** көрсете алады.




Терезеде жаңа бума құру:

Буманы Файл→Құру→Бума командасын құрады. Мұны орындағаннан кейін осы терезенің бумалары мен файлдарының тізімінің соңында жаңа бума белгішесі болады. Буманың атын оны құрғаннан кейін бірден енгізуге болады. Файлға ат берілмеген жағдайда оған автоматты түрде «Жаңа Файл» аты меншіктеледі.









Жұмыс үстелінде жаңа бума құру:



Белгішелерді құрудың жолдары:



Бумалардың, белгішелердің аттарын өзгертудің бірнеше әдістері бар:



Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей тапсырмалары

Бума мен белгіше дегеніміз не?

Бумаларды жасаудың қандай жолдары бар?

Белгішені жасауға болатын бір жолын айт.

Бума мен белгішенің атын ауыстыруға болатын қанша әдіс бар?

Объектіні белгілеп F2 пернесін басу арқылы қандай операция орындалады?

Алмасу буфері дегеніміз не?

II деңгей тапсырмалары

- Бір - біріне сәйкес термин мен анықтаманы тап. Бірінші бағанды екінші бағанмен байланыстыр.

жылжытылатын немесе көшірілетін ақпараттарды уақытша сақтауға арналған жадтың арнайы бөлігі	Қиып алу
алғашқы құжаттағы белгіленген ақпараттың Алмасу буферіне осы деректердің көшірмесі түрінде орналастырылуы	Себет
объектіні белгілеп оның атында тышқанның батырмасын шерту	Алмасу буфері
алғашқы құжаттағы белгіленген ақпараттың берілген құжаттан алынып, алмасу буферіне орналастырылуы	Көшіру
объектіні немесе объектілер тобын белгілеп, тышқанның сол батырмасын басып тұру арқылы жою үшін апаратын белгіше	Жаңа ат жазу

III деңгей тапсырмалары

Бос қалған нүктелердің орнын толтыр.

1. Буманы Файл→..... →Бума командасын құрады.
2. деп қазіргі кезде алмасу буферінде бар ақпараттарды құжаттың қажетті жеріне кірістіруді айтады.
3. Құру→Бума командасын орындау кезінде үстелінде бума белгішесі пайда болады.
4. Бумалар мен белгішелерді жылжыту үшін бірінші менюінің Көшіру (Копировать), Қию (Вырезать) деп аталатын командаларын пайдаланамыз.
5. Пернетақтаның көмегімен объектілерді үшін Ctrl+C, үшін Ctrl+X, қажетті орынға үшін Ctrl+V пернелерін басып шақыруға болады